

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті

Бекітемін
Ғылыми кеңес төрағасы,
ректор, ҚР ҰҒА академигі
Ғазалиев А.М.

« ____ » _____ 2013 ж.

СТУДЕНТКЕ АРНАЛҒАН ПӘН БОЙЫНША ОҚЫТУ
БАҒДАРЛАМАСЫ (SYLLABUS)

КҚТ 2201 «Кәсіби қазақ тілі» пәні

КҚТ 12 «Кәсіби қазақ тілі» модулі

5В090100 - Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды
ұйымдастыру мамандығы

Жол – көлік институты

Қазақ тілі және мәдениеті кафедрасы

АЛҒЫ СӨЗ

Студентке арналған пән бойынша оқыту бағдарламасын (syllabus):
ф.ғ.к., аға оқытушы Нығметова Нұргүл Тұрсынқызы,
аға оқытушы Жетпісбай Шолпан Аханқызы,
п.ғ.м. оқытушы Күлейменова Ләйла Мәдениетовна әзірлеген.

«Қазақ тілі және мәдениеті» кафедрасының мәжілісінде талқыланды
« ____ » _____ 2013 ж. № _____ хаттама
Кафедра меңгерушісі _____ « ____ » _____ 2013 ж.
(қолы)

Жол-көлік институтының оқу-әдістемелік кеңесімен мақұлданды
« ____ » _____ 2013 ж. № _____ хаттама
Төраға _____ « ____ » _____ 2013 ж.

Өндірістік көлік кафедрасымен келісілді
Кафедра меңгерушісі _____ « ____ » _____ 2013 ж.
(қолы)

1.1 Оқытушы туралы мәліметтер және байланыстық ақпарат

ф.ғ.к. аға оқытушы Нығметова Нұргүл Тұрсынқызы,

аға оқытушы Жетпісбай Шолпан Аханқызы,

п.ғ.м. оқытушы Күлейменова Ләйла Мәдениетовна

Қазақ тілі және мәдениеті кафедрасы ҚарМТУ-дың I корпусында,

Б. Бульвары 56, 329 ауд., орналасқан, байланыс телефоны 56-59-32 ішкі 1123.

Пәннің еңбек сыйымдылығы

Семестр	Кредиттер саны		Сабақтардың түрі				СӨЖ сағаттар саны	Жалпы сағаттар саны	Бақылау түрі
			Қосылған сағаттар саны		ОСӨЖ сағаттарының саны	Барлық сағаттар саны			
			Практикалық сабақтар	Зертханалық сабақтар					
3	2	3	30	-	30	60	30	90	Емтихан

Пәннің сипаттамасы

Кәсіби қазақ тілі базалық пәндер циклына кіреді (міндетті компонент). Пәнді оқытуда танымдық қызметін ынталандыратын, өзектендіретін ұстанымдарға негізделіп, жеңілден күрделіге қарай бағыттталып, кәсіби қазақ тілін коммуникативтік-прагматикалық дәрежеде меңгерген тілдік тұлға қалыптастыруды көздейді.

Пәннің мақсаты

«Кәсіби қазақ тілі» пәні белгілі мамандықтар бойынша даярланатын студенттердің коммуникативтік және танымдық қажеттіліктерімен анықтауды, кәсіби-бағыттаушы тілдік дайындықты қамтамасыз етуді мақсат етеді.

Берілген пәнді зерделеудің мақсаты:

- Коммуникативтік: коммуникативтік іс-әрекет салалары, жол-көлік мамандығына байланысты тақырыптардан қажетті ақпарат алып, оны сипаттауға, талдауға үйрету. Әр түрлі жағдаяттарда ойлау логикасын дамыту;
- тілдесім құралдарын (лексикалық бірліктер, грамматикалық тұлғалар және құрылымдар, тілдесім орамдары) меңгерту;
- жанр, стиль, мазмұны жағынан әртүрлі сипаттағы мәтіндерді және кәсіби білімнің элементтерін меңгерту;

- сөйлеу әрекетінің кәсіби ауызекі және жазба түрлеріндегі тіл материалдарын тыңдап түсіну және қолдануды үйрету;
- болашақ маманның қызмет саласы бойынша қазақ тілінде ауызша және жазбаша тілдесе білуін қалыптастыру;
- кәсіби білімін дамыту: а) әр түрлі ғылыми мәтіндерді оқулықтардағы мәтіндер мен дәрістерге мамандығына байланысты сұқбаттар мен монологтар құру;
- сөйлеудің түрін: әңгімелесу, суреттеу, хабарлауды құрастыру болып табылады.

Пәннің міндеттері

Пәннің міндеттері келесідей:

- берілген сұрақтарға өзінде бар сөздік қорды пайдалана отырып, дұрыс жауап беруге үйрету;
- белгілі бір тақырып бойынша өз ойын дұрыс жүйелі түрде айта алатын дәрежеге жеткізу;
- кәсіби мәтінмен жұмыс істеу барысында көлемді мәтінді оқып түсінуге, мәтіннің мазмұнын өз сөзімен жеткізе білуге дағдыландыру;
- естігені бойынша қабылдаған мәліметті қорытып, өз ойын айта білуге үйрету;
- тілдегі қолданыс деңгейіне қарай грамматикалық формалар мен құрылымдары, меңгерту;
- пікірін білдіруге: монолог–суреттеу, сұхбат, пікірталас ұйымдастыруға дағдыландыру;
- ғылыми-кәсіби сөйлеуді дамыту: а) ғылыми-кәсіби сөйлеуде белсенді, жалпылама, көлемді біліктілігі мен дағдысын қалыптастыру болып табылады.

Берілген пәнді зерделеу нәтижесінде студенттердің мамандықтары бойынша ақпараттардан, өз саласына байланысты әлемдегі жаңалықтардан, мамандығына байланысты жетістіктер жайлы түсінігі болуы керек.

Бүкіл оқыту үрдісінде коммуникативтік бағыт бере отырып, кәсіби қазақ тілінен алған білімін әр түрлі ситуативтік жағдайларда сөйлесе білуі керек.

Кәсіби қазақ тілі сабағындағы синтаксистік тақырыптардың негізінде студенттер жаттығу жұмыстарын, тапсырмаларын істей алу керек.

Кәсіби қазақ тілі грамматикасының ерекшеліктерін мәтіндерді түсініп, мәнерлеп оқу, тыңдай білу қабілеттерін жетілдіру, сөйлеу тілін меңгеру, сауатты жазуға үйрену, шығарма жазуға жаттықтырылу, шығармалардың мазмұның дұрыс айтып беру туралы практикалық дағдыларына иеленуі керек.

Айрықша деректемелер

Берілген пәндерді зерделеу үшін келесі бөлімдерді меңгеру қажет.

Пән	Бөлімдердің (тақырыптардың) атауы
Қазақ тілі	Қазақ тілі грамматикасы

Тұрақты деректемелер

Кәсіби қазақ тілі пәнін оқу кезінде алынған білімдері арнайы базалық және профильдік оқыту үшін пайдаланылады.

Пәннің тақырыптық жоспары

Бөлімнің атауы	Сабақтардың түрлері бойынша еңбек сыйымдылығы, сағ		
	Практикалық	СОӨЖ	СӨЖ
III-семестр			
1-тақырып. а) Көлік туралы заңдар. Грамматика: Фонетика. Лексика.	2	2	2
2-тақырып. а) Өнеркәсіптік теміржол көлігінің жұмыс технологиясы. Грамматика: Қазақ тіліндегі жалғау түрлері.	2	2	2
3-тақырып. а) Жүктерді, жолаушыларды, багажды, почтаны тасымалдау, көліктік-экспедициялық қызметтерді жүзеге асыру Грамматика: Сөз таптары. Зат есім.	2	2	2
4-тақырып. а) Көлік құралдарына қойылатын талаптар. Грамматика: Жұрнақ: сөз тудырушы, сөз түрлендіруші.	2	2	2
5-тақырып. а) Тасымалдаушының жауапкершілігі Грамматика: Сын есім.	2	2	2
6-тақырып. а) Көлікте қауіпсіздікті және экологиялық талаптарды қамтамасыз ету. Грамматика: Көмекші есімдер.	2	2	2
7-тақырып. а) Жол қозғалысын ұйымдастыру проблемалары. ә) Аралық бақылау.	2	2	2
8-тақырып. а) Жол қозғалысы туралы жүйелі ұғым. «Автомобиль-жүргізуші-жол-қозғалыс ортасы» (АЖЖҚ) Грамматика: Сан есім.	2	2	2

9-тақырып. а) Жол қозғалысының ережелері мен жол қозғалысы, жол белгілері мен сигналдары туралы халықаралық конвенциялар. ЖҚҚ қатысты нормативтік актілер мен құжаттар. Грамматика: Есімдік.	2	2	2
10-тақырып. а) Жол полициясы (МАИ), негізгі міндеттері және жұмыс бағыттары. Басқа жол қозғалысы қауіпсіздігі қызметтері. Грамматика: Етістік.	2	2	2
11-тақырып. а) Жол-көлік оқиғаларын (ЖКО) анықтау және жіктеу. Грамматика: Етістіктің шақтары.	2	2	2
12-тақырып. а) Жол қозғалысын зерттеу. Әдістердің жіктелуі және сипаттамасы. Грамматика: Үстеу.	2	2	2
13-тақырып. а) Қазақстан – 2050 стратегиясы. Грамматика: Одағай. Еліктеуіш сөздер. Шылаулар.	2	2	2
14-тақырып. а) Аралық тест. Грамматика: Еліктеуіш сөздер. Шылаулар.	2	2	2
15-тақырып. а) Қайталау. ә) Емтиханға дайындық.	2	2	2
БАРЛЫҒЫ: 90	30	30	30

Практикалық (семинарлық) сабақтардың тізімі:

III семестр

1. Көлік туралы заңдар. Грамматика: Фонетика. Лексика.
2. Өнеркәсіптік теміржол көлігінің жұмыс технологиясы. Грамматика: Қазақ тіліндегі жалғау түрлері.
3. Жүктерді, жолаушыларды, багажды, почтаны тасымалдау, көліктік-экспедициялық қызметтерді жүзеге асыру. Грамматика: Сөз таптары. Зат есім.
4. Көлік құралдарына қойылатын талаптар. Грамматика: Жұрнақ; сөз тудырушы, сөз түрлендіруші.

5. Тасымалдаушының жауапкершілігі. Грамматика: Сын есім.
6. Көлікте қауіпсіздікті және экологиялық талаптарды қамтамасыз ету. Грамматика: Көмекші есімдер.
7. Жол қозғалысын ұйымдастыру пробле-малары. Аралық бақылау.
8. Жол қозғалысы туралы жүйелі ұғым. «Автомобиль-жүргізуші-жол-қозғалыс ортасы» (АЖЖК). Грамматика: Сан есім.
9. Жол қозғалысының ережелері мен жол қозғалысы, жол белгілері мен сигналдары туралы халықаралық конвенциялар. ЖҚК қатысты нормативтік актілер мен құжаттар. Грамматика: Есімдік.
10. Жол полициясы (МАИ), негізгі міндеттері және жұмыс бағыттары. Басқа жол қозғалысы қауіпсіздігі қызметтері. Грамматика: Етістік.
11. Жол-көлік оқиғаларын (ЖКО) анықтау және жіктеу. Грамматика: Етістіктің шақтары.
12. Жол қозғалысын зерттеу. Әдістердің жіктелуі және сипаттамасы. Грамматика: Үстеу.
13. Қазақстан – 2050 стратегиясы. Грамматика: Одағай. Еліктеуіш сөздер. Шылаулар.
14. Аралық тест. Грамматика: Еліктеуіш сөздер. Шылаулар.
15. Қайталау. Емтиханға дайындық.

Оқытушымен студенттің өздік жұмысының тақырыптық жоспары

ОСӨЖ тақырыбының атауы	Сабақтың мақсаты	Сабақтың түрі	Тапсырманың мазмұны	Ұсынылатын әдебиеттер
1	2	3	4	5
I семестр				
1-тақырып. Тапсырмаларды орындау. Фонетика. Лексика.	Берілген тақырып бойынша білімді тереңдету	Сұрақ-жауап, әңгіме.	Тапсырма: 1.Сөздер мен сөз тіркестеріне морфологиялық талдау жасату. Ережелер сұрау.	[1] , [6]
2-тақырып. Тапсырмаларды орындау. Қазақ тіліндегі жалғау түрлері.	Сөйлеу тілін жетілдіру	Сұрақ-жауап, әңгіме.	Тапсырма: 1. Жалғаулардың түрлеріне жаттығу жұмыстарын жүргізу.	[2] , [2]
3 –тақырып. Тапсырмаларды орындау. Сөз таптары. Зат есім.	Аталған тақырып-тар бойынша ойларын дамыту	Пікір алмасу, әңгімелеу	Тапсырма: 1. Сөз таптарын қайталау. 2. Мәтіннен сан есімдерді тапқызу.	[3], [6]
4-тақырып. Тапсырмаларды орындау. Жұрнақ: сөз тудырушы, сөз түрлендіруші.	Тақырып аясында сөйлей білуге үйету	Жаттығулармен жұмыс	Тапсырма: 1.Сөздік диктант алу (жұрнақ түрлері). 2.Мысалдармен сөйлемдер құрату.	[3],[6],[7]

5-тақырып. Тапсырмаларды орындау. Сын есім.	Сөздік қорын молайту	Тапсырма мен жаттығуларды орындау	Тапсырма: 1. Зат есімнің жалғаулары туралы айтыңыздар.	[1],[5],[9]
6-тақырып. Тапсырмаларды орындау. Көмекші есімдер.	Өз ойын жүйелі, еркін жеткізуге дағдыландыру	Лексикалық материалдар бойынша жауап беру	Тапсырма: 1. Көмекші есімдер туралы айтыңыздар	[2],[9]
7-тақырып. Тапсырмаларды орындау. Қайталау.	Сөйлеу деңгейін жетілдіру	Өздік жұмыс	Тапсырма: 1. Мәтіннен сын есімдерді тапқызу.	[10],[6]
8-тақырып. Тапсырмаларды орындау. Сан есім.	Өз ойын жетілдіре білуді дағдыландыру	Сұрақ-жауап, әңгімелеу	Тапсырма: 1. Карточкалармен жұмыс.	[7],[5],[16]
9-тақырып. Тапсырмаларды орындау. Есімдік.	Аталған мәтін бойынша ойларын дамыту	Әңгімелеу	Тапсырмалар: 1. Есімдік түрлеріне жаттығулар орындау.	[3],[11],[4]
10-тақырып. Тапсырмаларды орындау. Етістік.	Сөйлеу деңгейін жетілдіру	Сұрақ-жауап, әңгімелеу	Тапсырма: 1. Мәтін бойынша етістіктің түрлерін тапқызу.	[6],[8],[14]
11-тақырып. Тапсырмаларды орындау. Етістіктің шақтары.	Сөйлеу мәдениетін дамыту	жаттығулар орындау	Тапсырма: 1. Етістіктің шақтарына арналған сөздерді жекеше, көпше түрде жіктеңіздер.	[6],[14],[5]
12-тақырып. Тапсырмаларды орындау. Үстеу.	Студенттердің тілге деген ынта-жігерін арттыру	Пікір алысу	Тапсырма: 1. Ережелерді қайталап, мысал келтіру.	[24],[10],[12]
13-тақырып. Тапсырмаларды орындау. Шылаулар.	Өз ойын еркін жеткізуге үйрету	Әңгіме, сұрақ-жауап	Тапсырма: 1. Етіс түрлеріне слайд-сабақ жасату.	[7],[9],[16]
14-тақырып. Тапсырмаларды орындау. Еліктеуіш сөздер. Шылаулар.	Аталған мәтін бойынша ойларын дамыту	Әңгіме, сұрақ-жауап	Тапсырма: 1.10 етістікті жекеше, көпше жіктеу.	[8],[14],[17]
15-тақырып. Емтиханға дайындық.	Білім деңгейлерін тексеру	Тест	Тапсырма: 1. Өткен материалдарды қайталау. 2. Емтиханға дайындық.	[4],[13],[27]

СӨЖ арналған бақылау жұмыстарының тақырыбы

ІІІ семестр

1. «Көлік туралы заңдарды» мамандықтарына қатысты білу. «Қазақстанның көлік кешені» тақырыбына қосатын үлесіңіз туралы өз ой-пікірлері.
2. «Өнеркәсіптік теміржол көлігі» тақырыбына сұхбат.
3. Әртүрлі жүктерді тасымалдау дегенді қалай түсінесіз? Әңгіме. Еңбекке байланысты 10 мақал-мәтел жазып, жаттап келіңіз. Еңбек туралы Абайдың бірін өлеңін жазып алыңыз.
4. Көлік құралдарына қойылатын талаптар туралы өз ойларыңызды жазыңыздар.
5. Жүк тасымалдаушыға қойылатын жауапкершілік. Сұхбат құрыңыз.
6. Көлікте қауіпсіздікті және экологиялық талаптар, тақырыбына сұхбат құрыңыздар.
7. Шудың, қалалардың ауа бассейні газдануының адам денсаулығына және қоршаған ортаға теріс әсері тақырыбына сұхбат құрыңыздар.
8. Жол қозғалысын ұйымдастыру бойынша инженерлік әрекеттің құрылымы тақырыбына шығарма жазыңыздар.
9. ЖҚЕ-де пайдаланылатын терминдер мен ұғымдардың өзгешелігі туралы пікіріңіз. Жол қозғалысының ережелері мен жол қозғалысы тақырыбына сұхбат құрастырыңыздар.
10. Жол полициясының мінедеттері туралы көзқарасыңыз. 2. Қозғалыс қауіпсіздігі бойынша жұмысты жоспарлау. Сұхбат.
11. Жол-көлік оқиғасы процесінің фазалары тақырыбына сұхбат құрыңыздар.
12. ЖКО материалдарын зерделеу туралы ойларыңызды жазыңыздар. Жол қозғалысын зерттеу кезіндегі аппаратуралар қандай?
13. «Қазақстан – 2050» стратегиясы» бойынша өз ойыңызды жазып әңгімелеңіз. Сіз Қазақстанның болашағы үшін не істейсіз? Ситуативтік тапсырма.
14. Сұхбат. Менің болашақтағы мақсатым.
15. Емтихан сұрақтарын қайталау.

Студенттердің білімін бағалау белгілері

Пән бойынша емтихан бағасы аралық бақылау (60% дейін) және қорытынды аттестаттау (емтихан) (40% дейін) бойынша үлгерімнің ең жоғары көрсеткіштерінің сомасы ретінде анықталады және кестеге сәйкес 100% дейін мәнді құрайды.

Әріптік баға бойынша бағалау	Сандық бағалау эквиваленттері	Меңгерілген білімдердің проценттік мәні	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз

«А» (өте жақсы) деген баға, студент семестр барысында пәннің барлық бағдарламалық сұрақтары бойынша өте жақсы білім көрсеткен, сонымен қатар, өздік жұмыс тақырыптары бойынша жиі аралық білімін тапсырған, оқылатын пән бойынша негізгі бағдарлама бойынша теориялық және қолданбалы сұрақтарды оқуда дербестік көрсете білген жағдайда қойылады.

«А -» (өте жақсы) деген баға негізгі заңдар мен процестерді, ұғымдарды, пәннің теориялық сұрақтарын жалпылауға қабілетін өте жақсы меңгеруін, аудиториялық және дербес жұмыс бойынша аралық тапсырмалардың жиі тапсырылуын болжайды.

«В+» (жақсы) деген баға, студент пәннің сұрақтары бойынша жақсы және өте жақсы білімдер көрсеткен, семестрлік тапсырмаларды көбінесе «өте жақсы» және кейбіреулерін «жақсы» бағаларға тапсырған жағдайда қойылады.

«В» (жақсы) деген баға, студент, пәннің нақты тақырыбының негізгі мазмұнын ашатын сұрақтары бойынша жақсы және өте жақсы білімдер көрсеткен, семестрлік тапсырмаларды уақытында «өте жақсы» және «жақсы» бағаларға тапсырған жағдайда қойылады.

«В -» (жақсы) деген баға студентке, егер ол аудиториялық қалай болса, дәл солай СӨЖ тақырыптары бойынша пәннің теориялық және қолданбалы сұрақтарына жақсы бағытталады, бірақ семестрде аралық тапсырмаларды жиі тапсыратын және пән бойынша семестрлік тапсырмаларды қайта тапсыру мүмкіндігіне ие болған жағдайда қойылады.

«С+» (қанағаттанарлық) деген баға студентке, егер ол аудиториялық сабақтардың және СӨЖ барлық түрлері бойынша зейінділік сипаттағы сұрақтарға ие, пәннің жеке модульдарының мазмұнын аша білген, семестрлік тапсырмаларды «жақсы» және «қанағаттанарлық» бағаға тапсырған жағдайда қойылады.

«С» (қанағаттанарлық) деген баға студентке, егер ол аудиториялық сабақтардың және СӨЖ барлық түрлері бойынша зейінділік сипаттағы сұрақтарға ие, пәннің жеке модульдарының мазмұнын аша білген, семестрлік

тапсырмаларды «қанағаттанарлық» бағаға тапсырған жағдайда қойылады.

«С-» (қанағаттанарлық) деген баға студентке, егер ол аудиториялық сабақтардың және СӨЖ барлық түрлері бойынша жалпы мағлұматтандырылған және нақты тақырыптың шеңберінде ғана жеке заңдылықтар мен олардың ұғымын түсіндіре алатын жағдайда қойылады.

«D+» (қанағаттанарлық) деген баға студентке, егер ол аудиториялық сабақтардың және СӨЖ барлық түрлері бойынша семестрлік тапсырмаларды уақытында тапсырмаған және нақты тақырыптың шеңберінде ғана жеке заңдылықтар мен олардың ұғымын түсіндіре алатын жағдайда қойылады.

«D-» (қанағаттанарлық) деген баға студентке, егер ол семестрлік тапсырмаларды уақытында тапсырмаған және аудиториялық сабақтар мен СӨЖ бойынша білімі төмен, сондай-ақ, сабақтар босатқан жағдайда қойылады.

«F» (қанағаттанарлықсыз) деген баға студент, СӨЖ және сабақтардың түрлері бойынша теориялық және практикалық білімнің төмен деңгейіне де ие емес, сабақтарға жиі қатыспайтын және уақытында семестрлік тапсырмаларды тапсырмайтын жағдайда қойылады.

Аралық бақылау оқытудың 7ші, 14ші апталарында жүргізіледі және бақылаудың келесі түрлерінен шыға отырып, ұйымдастырылады:

Бақылау түрі	% -тік құрамы	Оқытудың академиялық кезеңі, апта															Барлығы, %
		1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	
Сабаққа қатысушылық	0,5	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		7,0
Бақылау жұмысы	3,0							+								+	23,0
Мәтін бойынша сұрақтар (жазба жұмысы)	11,5							+								+	12,0
Реферат	3,0			+		+		+			+		+			+	6,0
СӨЖ	3,0			+		+		+			+		+			+	12,0
Барлығы (аттестация бойынша)								30								30	60
Емтихан																	40
Барлығы																	100

Саясат және рәсімдер

Кәсіби қазақ тілі пәнін оқу кезінде келесі ережелерді сақтауды өтінеміз:

1. Сабаққа кешікпей келуді.
2. Дәлелді себепсіз сабақ босатпауды, ауырған жағдайда анықтама, ал басқа жағдайларда түсініктеме хат ұсынуды.
3. Студенттің міндетіне барлық сабақтарға қатысу кіреді.
4. Оқу процесінің күнтізбелік жоспарына сәйкес бақылаудың барлық түрлерін тапсыру.
5. Жіберілген практикалық және зертханалық сабақтар оқытушы белгілеген уақытта қайта тапсыру.

Оқу-әдістемелік қамтамасыз етілгендігі

№ р/с	Автордың аты-жөні	Оқу-әдістемелік әдебиеттердің атауы	Баспасы, шыққан жылы	Даналар саны	
				кітап- ханада	кафед- рада
Негізгі әдебиет					
1.	Кегенбеков Ж.К	Жалпы көлік негіздері. Оқу құралы.	Алматы: ҚазККА, 2012.- 120 б.	16	5
2.	Кобдиқов М.А.	Тасымалды ұйымдастыру және қозғалысты басқару.	Алматы: ҚазККА. -2008. 445 б.	60	10
3.	Бекжанов З.С.	Теміржолтану негіздері.	Алматы, 1995.	3	1
4.	М. Бекмағамбетов, С.Смирнов.	ҚР көлік жүйесі.	Алматы:Print- S.-2005.447 б.	5	2
5.	Бекжанов З.С., Кобдиқов М.А., Мустапаева А.Д.	Пойыз қозғалысының басқару жүйесі	Алматы, 2008.	17	-
6.	Клинковштейн Г.И, Афанасьев М.Б.	Жол қозғалысын ұйымдастыру.	М. Транспорт. 2001. – 279 б.	2	-
7.	Бектұров Ш.К., Бектұрова А.Ш.	Қазақ тілі (Ана тілі деңгейінде үйрету құралы).	Алматы, 1998	5	5
8.	Н.Қ. Мұхамедиева, Ш. Рамазанова.	Қазақ тілі	Алматы, 2008	106	-
9.	Б.А. Таңсықбаева.	Практикалық қазақ тілі. Студенттердің өздік жұмыстарына арналған.	Алматы,2009.		10

10	С.А. Алиева, Б.М. Молдабекова.	Практикалық қазақ тілі. Оқу құралы.	Алматы, 2009	3	-
11	С.Иманқұлова, Н.Егізбаева, Ғ.Иманалиева.	Қазақ тілі. «Қазақ университеті».	Алматы, 2008	3	-
12	К.Б. Жақсылықова.	Қазақ тілі пәні бойынша студенттердің оқу-әдістемелік кешені.	Алматы, ҚазҰТУ, 2004	-	-
13	С.С. Хасенов, С.Б.Шаяхметов, Б. Апшикур.	Теміржол.	Алматы, 2006.	5	-
Қосымша әдебиет					
1	2	3	4	5	6
14.	Б. Тоғысбаев, А. Сужиков	Тарихи тұлғалар.	Алматы: «Алматы кітап», 2006.	6	-
15	К.А. Есімсеитова, Т. Мұхтаров.	Көлік логистикасы. Оқу құралы.	Қарағанды, 2013.	40	-
16	Г.С. Жүгенбаева	«Түркістан-Сібір теміржолының тарихы»	Алматы, 2003	2	-
17	Түсіпбекова Э.Қ., Кулейменова Л.М., Қоңырова Н.Ә.	Оқытушының студенттермен өздік жұмысына арналған әдістемелік нұсқаулар.	Қарағанды: ҚарМТУ, 2011.	45	10
18	Арпабеков М., Баубек А.	Жол қозғалысын ұйымдастырудың техникалық құралдары. Оқулық.	Астана, 2011.	15	-
19	Шабденова Қ.Ж., Кулейменова Л.М.	Қазақ тілі. Оқу құралы. Қарағанды:	ҚарМТУ, 2012.	50	10
20	А. Қаратаева, А. Мұратбекова.	Қазақ тілі (техникалық жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған).	Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2013.	20	-

Пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі

Бақылау түрі	Тапсырманың мақсаты және мазмұны	Ұсынылатын әдебиет	Орындалу ұзақтылығы	Бақылау түрі	Тапсыру мерзімі
Сабаққа қатысушылық	Практикалық сабақтағы білімдерін бекіту	[1], [2], [3], [16], [18].	1-13 апта	Ағымдағы	7, 14 апта
Бақылау жұмысы	Практикалық сабақтағы білімдерін бекіту	[1], [2], [3], [16], [18].	1-13 апта	Аралық	7, 14 апта
Мәтін бойынша сұрақтар (жазба жұмысы)	Практикалық сабақтағы білімдерін бекіту	[1], [2], [3], [16], [18].	1-13 апта	Ағымдағы	7, 14 апта
Реферат	Практикалық сабақтағы білімдерін бекіту	[1], [2], [3], [16], [18].	14 апта	Ағымдағы	14 апта
СӨЖ	Практикалық сабақтағы білімдерін бекіту	[1], [2], [3], [16], [18].	1-13 апта	Ағымдағы	1-14 апта
Аттестация	Практикалық сабақтағы білімдерін бекіту	[1], [2], [3], [16], [18].	1-13 апта	Аралық	7, 14 апта
Емтихан	Пән материалының меңгерілу деңгейін тексеру	Негізгі және қосымша әдебиеттің жалпы тізімі	4 біріккен сағаттар	Қорытынды	Сессия кезеңінде

Өзін өзі бақылауға арналған сұрақтар

1. Тасымалдау бөлімшесінде пойыздар жүрісін кім басқарады?
2. Аға диспетчер (ДНЦС) не басқарады?
3. Аға диспетчердің неше орынбасары болады?
4. Диспетчерлік ауысымды кім басқарады?
5. Ауысым құрамына кімдер енген?
6. Жүк тиеу, түсіру жұмысы құрамына кімдер кіреді?
7. Аға диспетчер не істейді?
8. Бөлімше кезекшісі қандай жұмыс атқарады?
9. Бөлімше кезекшісі кімнің жұмысын қадағалайды?

10. Жоғары деңгейде тұрған басшылардың нұсқаулары тек бөлімше кезекшісі арқылы беріледі ме?
11. Торап диспетчерлері не істейді?
12. Телімдік пойыз диспетчері не істейді?
13. Диспетчерлік нұсқаулар қалай беріледі?
14. Пойыз диспетчері мен станция кезекшілерінің өзара қалай байланысады?
15. Селекторлы телефон не үшін қажет?
16. Бір бекетті шақырту үшін диспетчер не істейді?
17. Пойыз диспетчері мен жүрістегі пойыздар машинистерімен байланысу үшін нені қолданады?
18. Радиобайланысты не үшін қажет?
19. Сөйлесулер ненің көмегімен жүргізіледі?
20. Диспетчерсіз пойыз жүрісіне қатыссыз жұмыстармен жүктеле ме?
21. Қазіргі көліктер қалай бөлінеді?
22. Темір жол көлігі деген не?
23. Темір жол көлігі неден тұрады?
24. Темір жол көлігі не арқылы тасымалданады?
25. Темір жол көлігінде тасымал құны қандай?
26. Қазақстанның ішкі құрлықтық орналасуы жағдайында темір жол көлігінің маңызы қандай?
27. Автомобиль көлігінің үлес салмағы қандай?
28. Тасжолдардың жалпы ұзындығы қандай?
29. Автомобильдер өзінің негізгі қызметі бойынша қалай бөлінеді?
30. Көліктік автомобильдер қалай бөлінеді?
31. Көліктік автомобильдер неше санатқа бөлінеді?
32. Жүк тасушыға не жатады?
33. Арнайы автомобильдер не жатады?
34. Автомобиль көлігінің өте қарқынды дамуы неге байланысты?
35. Дүниежүзілік жүк айналымының неше пайызы автомобиль көлігінің үлесіне тиеді?
36. Жолаушы тасымалының неше пайызы автомобиль көлігінің үлесіне тиеді?
37. Су көліктері қалай жұмыс істейді?
38. Су көліктеріне отын қалай жұмсалады?
39. Су көліктерінде көлемді тауарларды тасымалдаудың өзіндік құны қандай?
40. Су көліктерінің қозғалыс жылдамдығы қандай?
41. Су көліктері қандай жұмысқа ғана жарамды?
42. Су көлігі қалай бөлінеді?
43. Әуе көлігі қандай көлік?
44. Әуе көлігінің негізгі жұмысы қандай?
45. Ұшақтар қандай жұмыстар атқарады?
46. Қазақстанда қанша ірі әуежай бар?
47. 14-і халықаралық тасымалдау жүргізеді ме?
48. Қазақстандағы әуе тасымалын қандай авиакомпаниялар атқарады?
49. Ең ірі - «авиа тасымалдаушы» компанияны атаңыз.
50. Алғашқы темір жол қай қалада пайда болды?

**СТУДЕНТКЕ АРНАЛҒАН ПӘН БОЙЫНША
ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ
(SYLLABUS)**

ҚҚТ 2201 «Кәсіби қазақ тілі» пәні
ҚҚТ 12 «Кәсіби қазақ тілі» модулі

31.03.2004 ж. №50 мемл. Бас. лиц.
Баспаға _____ 20__ ж. қол қойылды. Пішімі 90 x 60/16. Таралымы _____ дана
Көлемі _____ оқу бас. п. № _____ тапсырыс Бағасы келісілген

100027. ҚарМТУ баспасы, Қарағанды, Бейбітшілік бульвары, 56